

Ақмола облысы Целиноград ауданының Қажымұқан ауылының құрамдас бөлігіне атау беру туралы

Ақмола облысы Целиноград ауданының Қажымұқан ауылы әкімінің 2025 жылғы 22 қыркүйектегі № 7 шешімі

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 14 бабың 4) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 35, 37 баптарына сәйкес, халықтың пікірін ескере отырып және Ақмола облыстық ономастика комиссиясының 2025 жылғы 14 тамыздағы қорытындысы негізінде Целиноград ауданы Қажымұқан ауылының әкімі **ШЕШТІ:**

1. Қажымұқан ауылының 1-шағын ауданындағы көшесіне Темір Жолдаспаев көшесі атауы берілсін.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкім

А.Абенев